

Еңселі екі жыл!

«Жас Дарын-3» бастауыш мектебі

Қазіргі таңда еліміздегі жеке меншік білім беру ошақтарының көптігі бәрімізге белгілі. Кез келген ата-ананың бала болашағына бей-жай қарамайтыны сөзсіз, және мұндай ата аналардың саны күннен күнге өсуде. Балаңызға дұрыс бағыт бағдар беру өз қолыңызда тек дұрыс таңдау жасасаңыз болғаны.

«Еңселі екі жыл» тақырыбының өзі бұл мәтіннің мазмұны десек болады. Статистика бойынша қоғамның 80%-ы жеке меншік мектептерде тек қалталы азаматтардың балалары оқиды деп ойлайды. Алайда 2019-шы жылы Білім және ғылым экс-министрі Асхат Аймағамбетов бұл мәселенің шешімі ретінде кез-келген отбасы жағдайындағы балалардың оқуына мүмкіндік жасады.

Шымкент қаласындағы мектеп ошақтарының бірі де бірегейі «Жас Дарын-3» бастауыш мектебі. Мектеп қабырғасында оқушылар биыл екінші жыл білім алуда. Жалпы саны 700 оқушыны құрайтын мектепте түрлі үйірмелер мен қосымша методикалар үйлесім тапқан. Бала денсаулығына, қауіпсіздігіне, өзін еркін және қолайлы сезінуіне барлық жағдай жасалған. Таңнаң кешке жұмыс барысымен жүріп бала тәрбиесінде ақсап жататын отбасылар үшін сенімді білім ошағы. Мектеп қабырғасында өткен уақытында, мемлекеттік бекітілген сабақтардан бөлек балалар мына төмендегі үйірмелерге қатыса алады:

1. Ментальды арифметика
2. Таек-ван До
3. Дзю-до
4. Бокс
5. Би
6. Гимнастика
7. Логопед
8. Домбыра
9. Шахмат
10. Фудбол

Сонымен қатар балалар зерікпес үшін бір мезгіл демалыс уақыты да қарастырылған, ол уақытта балалар «Кино көрсетілім» залында «Тұз шахтасында» немесе баланы дамытуға арналған көрнекілік құралы бар «Демалыс аймағында» демала алады.

Биылғы жылдың қыркүйек айында 1-ші қыркүйек «Білім күніне» орай мектебімізде өткен «Мектебім - мейірім мекені» атты алғашқы қоңырау соғылған іс-шарамызда 2022-2023 оқу жылында оқушыларымыз бен ұстаздарымыздың бағындырған белестері марапатталды. «Жетістікке толы бір жыл» жобасы аясында өткізілген шараға түрлі бағыттағы спорт шеберлері, бишілер әншілеріміз және де қазіргі таңда маңызы үлкен ментальды арифметика саласынан жүлделі орындар алған оқушыларымыз қатысты.

Еске сала кетсек 2022-2023 оқу жылы «Жас Дарын-3» бастауыш мектебі үшін расында жетістікке толы жыл болды. Білікті мамандар мен білімді ұстаздардың көмегімен оқушыларымыз біраз белестерді бағындырды. Айта кетсек:

25.03.2023 жылы Дубай қаласында (БАӘ), Менталды арифметика пәні бойынша өткен халықаралық олимпиада жарысында 3 «В» сыныптың оқушылары :

1. Алиев Абалфаз 3 орын
2. Базарбеков Байел 3 орын

Сонымен қатар бұл екі оқушы Өзбекістан мемлекетінде өткен байқаудада жүлделі орындарды иеленді. Самарканд қаласында (Өзбекістан) елінде, Менталды арифметика пәні бойынша өткен халықаралық олимпиада жарысында

Алиев Имаш 3 орын

Усен Аделя 3 орын

25.07.2023 жылы Алматы қаласында (Қазақстан), Менталды арифметика пәні бойынша өткен халықаралық олимпиада жарысында 3 «В» мен 2 «Д» сыныптың оқушылары :

1. Алиев Абалфаз 1 орын
2. Алиев Имаш 3 орын

Ментальді арифметика пәнінің жетекшісі: **Кубелекова Салтанат Джумахатқызы**

3а жән ә сыныптарының жүлдегер оқушылары: 2023 жылы Астана қаласында өткен “Zhuldyz art” Халықаралық және Республикалық байқауында вокалдық өнер бойынша 3а - 3ә сыныбының қыздары Гран-при Дәрежелі лауреат Вокал номинация бойынша

1. Балабек Алуа
2. Әбдібек Ақниет
3. Абилтай Амира

Марапатталды.

Республикалық “ Самұрық” математикалық зияткерлік олимпиадасының 1- 2-орын иегерлері

3- а, ә сынып оқушылары.

1. Абдижаппарұлы Нұрислам.
2. Мусаева Кәусар.
3. Толымбек Жансая.
4. Асқар Айсұлтан.
5. Ақылбек Жұлдыз.

Жетекшісі **Оспан Мағира Бөкенбайқызы**

2023 жылы Шымкент қаласында өткен математика пәнінен 3-4 сыныпқа арналған “Алтын Сақа “ олимпиадасының аудандық кезеңінен 1-орын иеленді.

Қыдырбай Алихан

Нұрланұлы Арслан

2023 жылы мектепшілік шармат жарысында орын алған оқушыларымыз

Аманбек Елнұр Бас жүлде

Абубакир Абылайхан

Марат Айрат

Дзю-до былғары кілемдегі күресінен

Роман Айша

Жетекшісі : **Ибраева Жанна Нуржановна**

2023 жылы Шымкент қаласында өткен “Zhuldyz art” Халықаралық байқауында вокалдық өнер бойынша 2е сыныбының қыздары Гран-при лауреаты атанды.

3. Келебек Нурай
4. Кали Айзере
5. Жолдашева Айаруу

Республикалық "Самұрық "математикалық зияткерлік олимпиадасының 1-2 орын иегерлері 3-б сынып оқушылары.

- 1.Қазысейіт Каусар
 - 2.Уайда Али
-

"GRAND PRIX SHYMKENT" турнирінде массогі бөлімі бойынша 6-9 жас аралығындағында
25 кг салмақ дәрежесінде Мейірбек Алдияр 2 орын
23 кг салмақ Алтай Бейбарыс 1 орын
34 кг салмақ Оразбек Раян 1 орын
20 кг салмақ Араб Төреғали 2 орын
27кг салмақ Алтай Айзере 3 орын
28 кг салмақ Арыстанбек Мейіржан 2 орын
45 кг салмақ Қайырбек Дариға 1 орын

Балалар мен жастар арасындағы ТҮРКІСТАН обылысының чемпионатында массогі бөлімі
бойынша 10-11 жас аралығында
45 кг салмақ дәрежесінде Қайырбек Дариға 1 орын
30 кг салмақ Жұмалилова Ұлдана 1 орын
Жетекшісі: **Жумабаев Омар Даулетбайұлы**

1. Би Тұрсынбаева Назым Жаркынбаевна

“DANCE SHOW” және “ GREATIVE FEST” Республикалық би байқауларында үлкен және кіші
топ арасында өнер көрсеткен үздік бишілеріміз гран при және 2 ші орындармен марапатталды
Оторова Анжелика гран-при
Үсен Аделья
Еркебай Марал
Тастан Амина
Мусаева Кәусар.
Абилтай Амира
Сламбекова Раяна
Мейірланова Айерке
Шекербек Сая
Мударисова Арайлым
Мамазайырова Асия
Қалжан Жания
Мадихан Айша
Талантбекова Раяна
Жорабаева Нұржамал
Бақтыбекова Камила

Бұл дегеніміз «Жас Дарын-3» бастауыш мектебінің қоғамдағы орыны, және бір жыл
атқарылған жұмысының жемісі.

Биыл, «**Мектебiм мейiрiм мекенi**» iсшарасынан бастау алған оқу жылы одан әpi түрлi бағыттағы ұйымдастырылған шаралармен жалғасын тапты.



Ұстаздар күні көпшілік жақсы көретін кәсіби мерекелердің бірі. Білесіздер биыл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Ұстаздар күні» әлемнің жүзден астам елі тойлайтын Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендірілді. Соған сәйкес 05.10.2023 күні «Жас Дарын-3» бастауыш мектебінде «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» атты мерекелік ісшарасы болып өтті. Оқу жылының басталған сәті мен күз мезгілінің орта тұсында келген мерекеге күзгі дақылдармен, көкөністермен көмкерілген сынып аралық байқау ретінде «Күз кереметі» атты байқау қосылды. Қос мерекеде балалар ата-анасымен біріге жасаған дүниелерін көрсетіп ұстаздардың да көңілін таба білді.

«Тарихын жақсы білмеген, болашағын жарқын ете алмайды»

Қазақ тарихында, ағарту ісінде ойып алар орны бар ағартушы, ұлы ақын Абай Құнанбайұлына 178 жыл. 20.10.2023 күні «Жас Дарын-3» бастауыш мектебінде Абай оқуларынан болған байқау «Аңыз тұлға-Абай» деп аталды. Аталған байқауға 2-4 сынып оқушылары қатысты. Бастауыш сынып өнерпаздары түрлі бағытта өнер көрсетіп Абайдың қара сөздері мен қара өлеңдерін жарыса жырлады. Қазақ мәдениетіне ағарту ісіне үлкен үлес қосқан тұлғаның өлеңдерін жаттау, оны жаңғырту әрбір қазақстандықтың парызы.



1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Осыған орай 24.10.2023 күні оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу мақсатында «Жас Дарын-3» бастауыш мектебінде «Республика күніне» орай «Мерейлі мереке» іс-шарасы бастау алды. Аталған іс-шарада қазақ елінің рәміздері құрметтеліп ортаға көк туымыз келді. Көк туға көз салып, қолдарын жүрек тұсына қойып, әнұранымызды шырқаған балалар концерттік бағдарлама барысында өнерпаздардың көрсеткен патриоттық бағдарламаларына тәнті болды.



«Жылқыда да тұлпар көп қазан аты бір бөлек,
«Жігітте де жігіт бар азаматы бір бөлек» деп Қазақ халқы қай сөзді болмасын тауып айтқан шешен халық. «Жас Дарын-3» бастауыш мектебінде ұйымдастырылған «Жігіт сұлтаны-2023» осыған дәлел. Байқау мақсаты бастауыш мектеп балаларын салт дәстүрді меңгеруге, қазақ құндылығын арттыратын дәстүр мен әдептерді білуге, сахна мәдениетін үйренуге және ондағы этикалық эстетикалық талаптарды сақтауға, сонымен қатар ата-анамен бала, ұстаз, мектеп әкімшілігі арасындағы қарым-қатынасты күшейтуге өскелең ұрпақтың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталды. 24.11.2023 күні болған ісшараға ата-аналар қауымы да белсенді қатысты. 2-4 сыныптар арасында болған сайысқа «Мен нағыз жігіт сұлтанымын» деген жігіттердің барлығы қатысты. Оңға жуық сыныптан 18 оқушы бәсекеге түсті.

Байқау кезеңдері мына төмендегіше болды:

I-кезең «Тегімді менің сұрасаң...» сайыскерлер өздерін таныстыратын болады. *(өлең шумақтары, көрініс т.б түрлі бағытта таныстыруына болады)*

II-кезең «Көңілі ояу, көзі ашық» қатысушыларға халқымыздың салт-дәстүрімізден, дүниетанымынан бірнеше сұрақ қойылады соған жауап беру арқылы балл беріледі.

III-кезең «Кім мерген» балалар бұл сайыста асық атудан ептілігімен сынға түсетін болады.

IV-кезең «Өз өнері» өзінің бойына дарыған өнерлерін көрсету, мысалы қолөнер, ән, би, аспапта ойнау, спорт түрлерінен көрініс. Осы кезеңде сайыскерлер ата-анасымен жұптасып өнер көрсететін болса 5 балл қосылады.

Сайысымыздың нәтижесі бойынша, қазылар алқасының шешімімен ортақ «Жігіт сұлтаны» деп, 2 «А» сынып оқушысы Бахаубе ден Алинұр тағайындалды. Одан бөлек ұлдарымыз 1-орынмен 5оқушы, 2-орынмен 3оқушы, 3-орынмен 5оқушы марапатталды.



Сонымен қатар білім сапасын арттыру мақсатында, оқушыларымызды да білім жағынан түрлі жарыстарға қатыстырып, жақсы нәтиже көрсетудеміз. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен болған **«Кенгру» математикалық-олимпиадасына** мектебімізден 70 оқушы қатысып, І-орынмен 10 оқушы, ІІ-орынмен 40 оқушы, ІІІ-орынмен 4 оқушы және 8 оқушымыз сертификатпен марапатталды.



Шымкент қаласы бойынша 3-4-сыныптардың оқушыларына арналған «Алтын сақа» олимпиадасына мектебімізден 26 оқушы қатысып, аудандық кезеңге 5 оқушы өтті. Аудандық кезеңге 5 оқушымыз барып, 1 оқушы облыстық деңгейге өтіп келді.

Қазақстан Республикасы «BILIM-ORKENIET» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығынан «Тәуелсіздік дарыны» атты Республикалық дарынды оқушылар байқауына 10 оқушы қатысып, 9 оқушымыз жүлделі болып келді.

Ағымдағы жылдың 06.02.2024 күні «Жас Дарын-3» бастауыш мектебінде жас мамандардың арасында «Мамандығым мақтанышым» атты байқау өтті. Байқаудың өткізілу мақсаты – жас мамандардың біліктілігін арттырып, педагогикалық шеберлігін шыңдау мақсатында, өз кәсібіне деген сүйіспеншілігін ояту және оларды ынталандыру, бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру.

Аталған байқау төрт кезеңнен тұрды:

1. «Мен ұстазбын!»
2. «Ізденіс-шығармашылық негізі»
3. «Педагогикалық жағдаяттарды шешу»
4. «Өз өнері»

Нәтижесінде қатысушы жас мамандар төмендегіше жүлделі орындарға ие болды:

Бас жүлдені - Ергеш Разия
І-орынды Затыбекова Тоғжан
І-орынды Ондыбайқызы Айгерім
ІІ- орынды Жәки Әсемай
ІІ-орынды Жулибекова Дүрия
ІІІ-орынды Байзбаева Альбина

III-орынды Абдіқадыр Балауса

III-орында Молдбаєкова Мақпалжан марапатталды.

«Үздік педагог» - Жас Дарын-3 бастауыш мектебінде осылай аталатын тағы да бір кезекті байқау өтті. Байқауға жұмыс өтілі үш жылдан асқан білікті мамандар қатысты. Байқау бес кезеңнен тұрды:

I-кезең «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда...» сайыскерлер өздерін таныстыратын болады. *(өлең шумақтары, көрініс т.б түрлі бағытта таныстыруына болады)*

II-кезең «Ізденіс-шығармашылық негізі» ұстаздар заман талабына сай сабақ өтудің озық үлгілерімен өзіндік әдіс тәсілімен таныстырады. Панорамалық сабақ үлгісі арқылы қатысушылар өздерінің шығармашылық ізденісінің жетілуін көрсетеді.

III-кезең «Кемел педагог» бұл сайыста ұстаздарға қазылар алқасы тарапынан дайындалған қиындатпа сұрақтар қойылады. Сұрақтар педагогтың ситуациялық біліктілігіне, педагогикалық ойлауына сонымен қатар әдістемелік шеберлігіне негізделген.

IV-кезең «Эссе жазу» Эссеге қойылатын талаптар: 400 сөзден аспайтын шамада, А4 қағазға 1 сағат уақыт ішінде жазып өткізеді. Бағалау критерийлері:

-ойын нақты және түсінікті жеткізуі;

-ой өрісінің кеңдігі

-жаңашылдығы

-логикасы

-сауаттылығы

-дәлелмен жұмыс жасауы

-ерекшелігі:

(Эссе жазу, 09.02.2024 күні сағат 12:00 мен 13:00 аралығында өтеді. Байқау барысында қазылар алқасы эссені талқылап бағалайтын болады. Эссе тақырыбы, эссе жазатын парақшамен бірге беріледі)

V-кезең «Өнерлі педагог» өзінің бойына дарыған өнерлерін көрсету, мысалы қолөнер, ән, би, аспапта ойнау т.с.с. Осы кезеңде сайыскерлер өнердің қай түрінен болмасын өздерін көрсете алады.

Қазылар алқасының шешімімен қатысушы ұстаздар төмендегіше жүлделі орындарға ие болды:

Бас жүлдені Оспан Мағира

I орынды Куштанова Бану

II орынды Куралова Айнұр

III орынды Агисбаева Айгерім марапатталды.

